

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒАНДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетке ерекше ықпалын тигізіп отырған жаһандану – өмірдің барлық саласын қамтып отырған күрделі процесс.

Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінде қоғамдық қатынасқа және ділімізге, тілімізге, рухани кеңістігімізге әсер етіп келеді. Бұл мәселелер – адамзат өз дамуының жаңа сатысына көтеріліп, өркендеудің жаңа кезеңіне өткенін дәлелдей түсер ақиқаттың жемісі.

Жаңа әлем және жаңа ғасыр жаһандану белгісімен өтіп, адамзат алдында жаңа проблемаларды қойып, оны шешуде, құндылықтарды және оның түсініктерін бағалауды жаңа тұрғыдан келуді талап етеді. Жаһандану процесі – қоғамның барлық негізгі өмірін қамтитын: экономика, саясат, әлеуметтік қатынас, мәдениет, идеология басқа да өзін қоршаған адамзат қатынасының аймағы. Осыдан қарайтынымыз, қазіргі кезеңде адамзат ақпарат, мәдениет саласы, экономикада байқалатын жаһандану үрдісінің теориялық түсінуін қажет етеді.

Жаһандану үрдісі, алғашқыда өте қарапайым болып көрінетін сияқты болғанмен бұл – жан жақты талдауды керек ететін күрделі қарама-қайшылықты мәселерінің ықпалды үрдісі. Қазақстандағы жаһанданудың болашағын, мақсатын ғана зерттеп қою емес, сонымен бірге, оның себеп-салдарын тіпті қорқынышын да білу керек. Жаһандану өмірдің әр саласында жаңа проблемаларды тудырады және болған проблемаларды әрі қарай дамытады. Қазақстанда қазіргі кезеңде экономика, әлеуметтік қатынас, мәдениет, идеология, қоғам, заман бірлігі бұлар үлкен мәселеге айырықша көзқарастың болуын талап етуде. Осы ірі мәселелердің өзара сәйкестенулері, үйлесімді жаһандану процесімен байланысты. Сіз бен біз өмір сүріп отырған сыры мен қыры, жұмбағы мол дәуірдің бет-бейнесін, болмыс-бітімін анықтар жаһандану атты әлемдік құбылыс бүгінде санаспауға болмайтын ғаламдық факторға айналып отыр.

Сонымен, жаһандану деп әлемдік дамудың жаңа кезеңі, барлық қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ұлт айырмаушылық немесе бар ұлтты бір ұлттай көру қарқынының жылдамдануымен сипатталады: экономикалық, саяси, әлеуметтік; идеологиялық, рухани және мәдени. Жаһандану бұл

жаңа жүз жылдықта бізден жауапты талап ету болып табылады. Әрине, тек пайда болған заңдылық қайшылықтарын түсінгенде ғана. Адамзаттың қай жаққа қозғалып, жылжып баратынын анық түсіну үшін, өзінің өмір қызметінді дұрыс құра білу қажет. Егер ол әлемді біріктіру жағына қараң қозғалса, біз бірыңғай әлемдік (лидер) көшбасшы жағына емес, тең құқықтық бағытына қарай, онда ғылыми тұрғыдан келу жағдайын жасау қажет немесе бұл қиын және қайшылықты үрдіс.

Ешқандай күдіксіз, тәуелсіз Қазақстан, бүкіләлемдік қауымдастықтың толық құқықты мүшесі ретінде, ашық қоғам ретінде, біздің халықтың мінезі мен рухына жауап беретін, барлық глобалды үрдістерге кірілген. Сонымен бірге, біздің қоғамның ашықтығы, оған көп басымдылық береді, сонымен қатар көптеген қауіп төндіреді. Соның ішіндегі жаһанданудың негізгі және бастапқы қиыншылықтарын, Н.Ә. Назарбаев нақты анықтады, екі тенденцияның күресімен байланысты – әлем унификациясына деген тенденция, проведжик халықаралық ұйымдары, ұлттық корпорациялары, бұқаралық мәдениет болып табылады және ұлттық мемлекеттік, мәдениеті және ұлттық ерекшеліктері сақтау тенденциялары. Мұндай қиыншылықтар қазірде барлық елдерде кездеседі.

Интеграция және жаһандану едәуір алға жылжыған Батыс Еуропада, бірыңғай ақша бірлігін жақтаушылар, өкіметтің ұлттық органдары ұлттық мәдениет сәйкестігі, ұлттық тәуелсіздікті жақтаушылармен қайшылықтарға кездеседі, қандай жағдайда Қазақстан осы қайшылықтарды, ұлттық қауіпсіздікті және жаһандану проблемаларын шешуі қажет? Бұл сұрақтар Қазақстанның жақын және алыс болашағының дамуы үшін маңызы зор. Осы проблемаларды шешуде Қазақстанның позициясын Н.Ә. Назарбаев анықтады «Мы казахстанцы, выбираем свой путь интеграции в мировое сообщество опираясь на происходящий процесс глобализации не потому, что для нас и для Казахстана в нем больше положительных сторон и преимуществ, чем отрицательных сторон и недостатков. Наш основной приоритет незыблем и бесспорен: безопасность нации и сохранение государственности» [1].

Қазақстандағы әр саладағы жаңа мәселелер, дәуір үрдісі, ескімен қоштасып, жаңаға аяқ басу, жаңа проблемаларды дамыту. Бұрынғы жылдар бойы созылған мәселелер, бүгін де бір сәтке дұрыс, – деп көрсетіледі.

Президент ерекше атап өтеді, әлемдік тенденция және қарама-қайшылық тек азаймайды,

бірақ жаңа сапалар мен басқа көлемдерді алады. Осындай қазіргі тығыз үндестікте болып жатқан және жаңаның туу мәнін білуді әркім түсіне бермейді. Жаһандану – ұғымын тек ғалымдар ғана емес, сонымен бірге, тілшілер, саясаткерлер, әдебиетшілер, күнделікті тілде де қолданады. Сондықтан, ол ғылыми мағынадан тыс шығады және сонымен қатар дәлелдеуді және жүйелеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда осы проблема жөнінде көптеген зерттеушілердің атап көрсетуінше, әлемдік қауымдастықтың бірыңғай белгілі болуын жаһандану тұжырымдамасы – деп атау қиын. Осы проблема бойынша әдебиеттер, сөздіктер, журналдағы мақалалар бұл ұғымға анық және нақты жан-жақты анықтама бере алмайды. Ядролық соғыс қаупі, экологиялық дағдарыс, көшіп-қону проблемалары сияқты жаһандану проблемалары жөнінде айтылады. Басқаша айтқанда, жаһандануды жағымсыз мағынада түсінеді. Бұл біртұтас диалектикалық процесс өзінің басы, тарихтағы орны бар, заман үрдісі екенін мойындай отырып, оның мәдениет пен өркениеттер тоғысуына ала келер күрделі тұстары барын және уақытқа сай дамитынын аңғару.

Бұл әсіресе, бір қоғамнан екінші бір жаңа тұрпатты қоғамға өтудің күрделі қиындықтарын басынан өткеріп жатқан Кеңес Одағының орнына келген жаңа қоғамның, ескімен қоштасып кете алмай жатқан тәуелсіз елдер өмірінен байқауға болады.

Қоғамдағы жаһандану процесінің қырлары мен сырлары, құпиялары көп. Бірін түсініп, бірін түсінбей өркендеудің әртүрлі салаларының қиындықтарына кез болып отырмыз. Біздің пайымдауымызша, жаһанданудың қиындықтары мыналар:

Адам баласы бұрын басынан өткермеген дүние дамуының жаһандану атты жаңа үлгісі аласапыран алмасулар мен жойқын жалғасулардың арқасында Қазақ елі мен жеріне ендеп кіре бастауы.

Қазақстанда жаһанданумен бірге өркениетке айқара есіктер ашылып, әртүрлі жаңалықтар келді. Әртүрлі, компьютерлік, интернеттік жүйелер дамыды. Әртүрлі Еуропалық елдермен байланыстар жақсара бастады. Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Өмір сүру салтымыз бен мінез-құлқымызды да әртүрлі өзгерістерді байқауға болады. Осы өзгерістердің барлығы жаһанданудың мәселелерін енгізіп отырған үрдістері.

А.Н. Чумаковтың дәлелдеуінше, туыстыққа біз оның бөліктері арқылы қараймыз, егер тұтас тіпті үлкен болса, оны бірден көзге ілінбейді. Осындай бір бағыттан келу, барлық әлемдік та-

рих жөніндегі қалыптасқан ұғымдар кең таралған, олар жеке, әртүрлі халықтардың тарихы көріністерінен сол жағдайға, сол уақытқа сай, әлемдік қауымдастықтың фрагменталы күйі оның тұтастығында [2]. Сонымен бірге жаһандану проблемасының тар мағынада түсінілуі, оның біржақты зерттелуіне әкеледі және нақты әлемді тұтас бейнеде көру орнына, біз ғылыми, объективті нақтылықтылыққа жақындауға аз пікірлер айта аламыз. Көптеген авторлардың пікірінше, «жаһандану» ұғымы. Жиырма жылға жуық артта туған экономика және ақпаратты трансұлттық қызмет етуді сипаттау үшін, ұлттық-мемлекеттік шекара, қаржы-ақпараттық жүйе үшін және технологиялық-ақпаратты эволюцияда сөйлемгендерге басымдылықты қамтамасыз етеді. Осыдан шығатын қорытынды, жаһанданудың мәні (транснациональней) ұлттық-транс жүйені құру – ұлттық ынтаның, ақпараттық еркіндігі мен көптеген жеңісі. Тарихшылардың көбі жаһандануды капитализмнің көп ғасырлық даму кезеңдерінің бірі ретінде сипаттайды. Саясаткерлер жаһандануды жаңа әлемдік тәртіптің тууымен байланыстырады. 1) гегеманиясыз дүние; 2) жоғарғы гегеманизмге қайта келтіру; 3) әлемдік азаматтық қоғамды қалыптастыру. Мәдениеттанушылар глобалды мәдениет болашағын зерттейді және мәдениеттік сәйкестендіруді дамыту және сақтау проблемасына назарды аударады.

Академик Нысанбаевтың көзқарасынша – «глобализация – сложный многомерный процесс, включающий в себя интерпретацию тождества и различия, универсализма, и фрагментализма. Однако большая часть ученых сводит этот процесс к универсальным, формирующим онородность тенденциям» [3]. Из всех существующих подходов вокруг определений глобализации можно выделить комплексный, ибо он рассматривает глобализацию более или менее всесторонне: как в экономическом, так и в политическом, духовном, инфорационном, экологическом контексте а также контексте борьбы с международный преступностью [4].

Ғылыми баспаларға сүйене отырып, қазіргі жаһандану процесіне ықпал етудегі негізгі факторларды бөлуге болады: экономикалық фактор еңбек және қаржыларды орталықтандыру және централизациялауды анықтайды, ұйымдастырушылық түрі ұлттық шекарадан шығады, қызмет шегі халықаралық сипатты алады, бірыңғай нарықтық кеңістікті қалыптастыруға ықпал етеді;

Сонымен, қазіргі әлем өзінің дамуындағы жаңа кезең деп түсіну және ұғыну, ал жаһандану адамзат дамуының өркендеуінің объективті

үрдісі деп ұғынамыз. Бір жағынан, бұл үрдіс экономикалық өсудің жаңа болашағын тудырды, экономиканың құрылымын түбегейлі өзгертеді, әлемдік бірыңғай коммуникациялық жүйеге айналдырады, сонымен бірге бір мезетте әлеуметтік-экономикалық тепе-теңсіздікке әкеледі, адамдарда өзінің тарихи тамырын жоюға қауіп туғызады: ұлттық сәйкестендіру, тіл және діни дәстүр. Жаһандану үрдісінде кейбір елдерде ішкі қайшылықтардың шиеленісуі өседі, реакция бұл жағдайда өзіндік терроризмге, сепаратизмге және экстремизмдік бағыттардың пайда болуына әкеледі. Адамдардың санасында идеялар енгізіледі, яғни жаһандану терроризм конфессиялар арасындағы күштер және ұлтаралық қақтығыстардың бірінші себептері болып табылады. Жаһандану жаңа болашақты ашады, сонымен қатар, барлық адамзат үшін белгілі қауіп төндіреді, олардың ісіндегі негізгі қауіп, халықтарды катал бірдейлеу (унификациялау) олардың ассимиляциясы, ментальдық және ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын өмірден жойып жіберу. Біздің ел жаһандану басымдылығын пайдалануы қажет, өзінің негізгі құндылығы – мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздікті нығайтып дамыту. Қазақстан жағдайында ұлттың мемлекеттің және жаһандану арасындағы диалектикалық қайшылықтарды шешу мемлекеттің аумақтық тұтастығын нығайтумен, елдің қаржы жүйесін ары қарай жетілдірумен, адамның техногендік кезеңімен байланысты. Жаңа кезең қатерді түсінуге, адамзаттың ақыры және гуманистік бағыттылығы талап етеді. Әрекетсіз жаһандану мәдени құрылысы адамзат үшін қауіп-қатер әкеледі.

Қазақстан халқының жасаушы энергиясы мен ұйымдасқандығы, оның тұрақтылығын сақтауға ұмтылып, азаматтық және жалпыұлттық келісім, еліміздегі тыныштық пен бейбітшілікті қамтамасыз етеді. Қазақстанның әрі қарай гүлденуі мен өркендеуінің өзегі болып табылады. Бүкіл адамзат баласының болашақтағы дамуына маңызды түрде әсер ететін дүние – соңғы уақытта жүріп жатқан маңызды үрдістердің бірі – жаһандану болып табылады.

Жаһандандыру қоғамдық өмірдің барлық жағын жан-жақты қамтиды. Жаһандану жеке-леген елдердің дамуын зерттемейді, ол оқиғалардың уақытында туындайтын тікелей немесе жанама себеп-салдарлық байланысын зерттейді. Жаһандану болашақта жеке ғылымға айналуы да мүмкін.

Жаһандандыру осы кезде ғылыми және қоғамдық пікірталастарда мықты көш бастаушы

орнына үміттенгеніне қарамастан, бұл әлеуметтік-саяси феноменге деген көзқарас әртүрлі және кейде бір-бірін жоққа шығаратын бағалаушы пайымдаулар болып келеді. Экономикалық дамуды сәйкестендіру қоғамның барлық саласына оң әсерін тигізіп отыр, атап айтқанда ғылыми-техникалық прогреске, адамдардың әлауқатының артуындағы демократияны нығайту және т.б.

Хантингтонның пікірі бойынша жаһандандыру мәдени шекараны өшіреді, сәйкестікті бұзады, ол бұл әлемдегі шиеленістің өсуіне әкеліп соғады. Жаһандануда одан әрі қалыптастыруда көптеген әртүрлі қарама қайшылықтар болады [5]. Зерттеушінің айтқан ойы: жаһандандыру әр салада қайшылықтың көп болатынын, ол сәйкестенудің бұзылуына әкелгендігі әртүрлі өзгерістер тудырады, ол маңызды рөл атқарады. Енді бір ғалымдардың пікірлері бойынша жаһандандыру корпоративті элита немесе олардың саяси одақтастары басқаратын процесс болып табылады. Әлем елдеріндегі кәсіпорындардың жедел өсуі, қоршаған ортаны ластау, кедей елдердің кәсіп орындарының жедел өсуі, қоршаған ортаны ластау, кедей елдердің халықаралық қарыздардың өсуі, қауіпсіздіктің әлеуметтік механизмінің әлсіреуі, капитал мүддесіне жауап беретін ғаламдық реттеуші қуатты мекемелердің пайда болуы – осының бәрі олардың әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Жаһандану деген не? А. Нысанбаевтың пікірінше, «жаһандану әлемдік қауымдастықты құрайтын ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың күн санап күшейіп келе жатқандығы – оның тәуелділігі, олардың экономикалық, саяси және мәдени мінез-құлқының барлығына бірдей болатын тәртібі мен нормалары болатын бір жүйеге қарай біртіндеп кіруі» ЮНЕСКО-ның терминологиясы бойынша, екі мыңға жуық ұлттар мен екі жүзден астам елдерді біріктіріп келген бұрын ұлан-байтақ болып көрінетін әлем «жаһандық деревняға айнала бастады» [6].

Бұл құбылысты Ресейде алғашқы болып зерттеуші ғалымдардың бірі М. Делягиннің айтуынша, жаһандану «Әлем елдерінің арасындағы әкімшілік кедергілердің күйреуімен, аймақтық қаржы рыноктарының ғаламшарлық бірігуімен, бүкілдүние-жүзілік сипаты бар қаржы ағынының, бәсекелестік, ақпарат және технологиялар алумен сипатталады» [7].

Жаһандану заманында әлемде саясатта, экономикада, халықаралық қатынастарда бәсеке болады, бәсеке бар жерде дау болады. Ақпарат және технологиялар қарқынмен дамиды. Назар

аударарлық нәрсе, бүгінгі күні жаһанданудың нақтылықты тұжырымы жоқ. Әлемде жаһандануды әртүрлі тұрғыда түсінеді. Сондықтан да болар, жаһандауға байланысты көп нәрселердің басы әлі ашылған жоқ, бізге жұмбақ дүние. Осы мәселе қазір барлық елді ойландыруда, бұл күрделі процесті шешуді немесе оның ролін анықтауды міндет етіп қарастыруда. Жаһандану – қай елге қандай соққы тигізетінін ешкім білмейді. Өтпелі кезеңді бастан кешіріп отырған еліміз үшін бұл аса маңызды мәселе.

М. Әшімбаевтың ойы бойынша, жаһанданудың қозғаушы факторларының бірі – саяси жүйенің ұлттық және халықаралық масштабтағы өзгеруі [8].

Бір тоқтамға келсек, жаһанданудың – әлемді америкаландыру және батыстандыру екені кездейсоқ емес жаһандану объективті процесс. Одан тысқары қалуға ұмтылу және оның ықпалына мән бермеудің болашағы жоқ және қауіпті. Жаһанданудың сипаты іштей қарама-қайшылыққа толы, жақсы жақтары да, теріс жақтары да көп. Жаһандастыру мәселелері жалпы өркениетті процеске үлкен үлесін қосады, алайда сонымен қатар жеке этникалық қауымдардың рухани және материалдық құндылықтарының ерекшеліктерін жою қауіпін туғызады. Егер сөздіктерге жүгінетін болсақ, жаһандандыру латынның «*globus*» сөзінен шығып, ғаламдық, планетарлық көлемдегі қарым-қатынас, бірігу дегенді білдіреді.

Бүгінгі күні әлемді аралап кеткен жаһандану құбылысының жүзден аса әртүрлі анықтамалары бар екен, оның бір-біріне ұқсас түсініктері болуымен қатар, өзара бірін-бірі жоққа да шығарады. Немесе қайта жаңарып, іштей қарама-қайшылықтық процестерге ұшырап жатады.

Жаһандану дегеніміз – әлеуметтік жүйелердің жаңару, заманымызға бейімделу процесі, ол «күшті мәдениеттер атынан айтылған жай талап емес. Едәуір дәрежеде оны дүниеге әкелген ішкі факторлар, оның тарихи қажеттілігі де осыдан туындайды. Бүгінгі жаһандану құндылық бағдарлардың ерекше бір мәдени жүйелерін білдіреді.

А.Г. Забированың ой пікіріне тоқталсақ: «Жаһанданудың субъектілері – Батыстың дамыған елдері, ал экономикалық тұрғыдан алсақ – Жапония». Бұл жердегі мәселе халықаралық қатынастардың кезекті бір жүйесі ретінде жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру емес, керісінше, тұтас бір әлемнің құрылымын өмірге әкелу» [9].

Қазақстанның Батыс елдерімен экономикалық қарым-қатынастарымен қатар ғылым, мәде-

ниет және өнер саласындағы ынтымақтастығы үлкен маңызға ие. Ғылым және мәдени байланыстардың дамуы халықтардың рухани құндылықтарының баюына септігін тигізеді. Бұндай халықаралық қатынастар Қазақстан үшін де, Батыс елдері үшін де ауадай қажет.

Менің ойымша, жаһандану заманында мұндай қатынастар көздеген мақсаттың жүзеге асуынан әлемдік қауымдастықтың да ұтатыны белгілі.

Осыдан барып мынадай ой тұжырымы туады: «Жаһандану – бұл әлемдік қауымдастықты құрап отырған ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне деген өзара тәуелсіздігінің артуы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси және мәдени ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, немесе интеграциялануы» – деп пайымдауымызға болады.

Бұрындары аса зор, ешкімнің құшағына сыймайтындай көрінетін алып әлем, яғни екі мыңға жуық халық пен екі жүзден аса мемлекеттен тұратын ғаламат кең әлем бүгіндегі «ғаламдық деревняға» айналды. Жылдам ұшатын ұшақтар адамды жердің кез келген нүктесіне санаулы уақытта алып барады, аса қуатты электрондық-ақпараттық жүйелер дүниенің барлық түпкір-түпкірінен хабар алып, «шекара» деген ұғымды бірте-бірте жоққа шығарып барады. Әлемдік деңгейдегі аса ірі әрі қуатты корпорациялар өз өндірісі мен тауар рыногын күшейткені соншалық, бұлардың жұмысшылары әлемнің барлық елдерінде ағылып жүр. Бұл процестерге қарап, мынандай ой түйесің: Ғаламдастыру – дегеніміз ортақ қаржылық және ақпараттық жүйені қалыптастыру ма деп те ойланып қалуға болады. Қазақстандағы жаһандандыруды америкаландыру деп түсіндіреді және қарапайым тілмен түсіндіруге тырысады: «жаһандандыру-америкаландыруды көптеген ел шақыруынсыз келген қонақ ретінде түсінеді: сенің есігіңе келсе, сен оның алдынан есікті жаба қоясың, бірақ, ол терезеден кіруге тырысады. Сен тағы да терезені жаба қойсаң, ол сенің үйіңе желіс (кабель) арқылы кіреді. Сен кабельді қиып тастасаң, ол интернет пен телефон желісі арқылы экранда пайда болады. Желіні үзсең, ол үйіңе спутниктік байланыс арқылы енеді. Сен ұялыны тастасаң, ол телефондар мен компьютер экранында пайда болады. Ол сенімен бірге тек бөлмеде ғана емес, сонымен бірге сенің организміңе де еніп қойған.

Қазақстандағы жаһандану аясының үрдісіндегі тұлғаның гуманистік атқаратын рөлі зор. Тұлғаның өзіндік ерекшелігі мен гуманистік теориясының үйлесімділігін реттеу шешу

міндет. Жаһандық қарым-қатынасының дамуы, оның барлық кезеңдерінің өсу процесінде қалыптасады. Жеке тұлғаның қарым-қатынасының дамуы әртүрлі ішкі және сыртқы факторлармен анықталады.

Бүгінгі жаһандық үрдістердің алатын орны мен қызметі жан-жақты қарастырылады.

Н. Назарбаев жаһандандыру мәселесін жақсы түсініп және оның екі жүзділігін суреттейді, бір жағынан ол объективті көрінсе, қоғамдық экономиканы дамытуға ықпал жасайды, мәдениет сұхбатымен өркениетті мадақтайды, екінші жағынан бір полярді әлем және батыс мемлекетінің жаһандандыруды субъективтік жағынан түсіндіреді. Шығыстың ашықтығынан өз басына пайда іздеп, мәдениеті құртады. Халықтар бір-бірімен алмасу арқылы олардың тәуелсіздігін, өзіндігін, мәдениетін құртып, қайыршылық нәтижесінде, теңсіздік, терроризмнің қаупі және қатері кесірткенің таратылуына жағдай жасалады деп көрсетеді.

Қазақстанда қоғамдық-саяси тұрақтылық пен келіспеушілік басым екендігі бәрімізге белгілі. Мұны көптеген шарты дәлелдермен түсініктермен түсіндіруге болады. Олардың арасында мәдени шарттардың алатын орны ерекше. Біздің пікіріміз бойынша, қазіргі Қазақстанда ішкі жағдайды анықтайтын маңызды және мәдени топқа жататын еуразиялық менталитет өкілдерін айтуымызға болады. Қазақстанда Ресей ықпалы көп жылдар бойы үстемдік етті. Отаршылдық қазақ мәдениетіне ықпалын тигізбей қойған жоқ. Бірнеше ғасырлар бойы бірге өмір сүрудің нәтижесінде қазақ халқының мәдени құрылымында көптеген өзгерістерді кездестіруге болады. Бұл ықпал тілге де әсерлерін тигізді. Қазақтар арасында шешуші демографиялық шарт – тілдік ортаның тікелей ықпалымен өз ана тіліне оралу үрдісі жаңа ғана күш ала бастады. Демографиялық ахуалымыздың жақсаруы оған тегеурінді ықпал көрсеткенімен, бұл үрдісті тағы да жылдамдату үшін өмірдің әр саласында оған пәрменді жәрдем көрсету керек. Былайша айтқанда, белсенді тіл саясатын демографиялық шешу ісін өзімізге тиімді өзгерістермен ұштастырғанда ғана ол жемісті болмақ, аның тілін атаның күшімен құлпырта аламыз.

Әрине, демографиялық және тілдік факторлардың этномәдениетке тигізетін әсерлері көп. Бірақта, тілден айырылдық деп бұл топтарды ұлттық мәдениеттен алып тастау, дұрыс емес, қателік болар еді.

Е. Инкарбаевтың көзқарасы бойынша: «Жалпы жаһандану процесінің тұжырымдамаларының ішінде ең көп тарағаны неолибералдық

ағым, ол бойынша бүкіл әлемдік процесс ретінде жаһанданудың болмай қоймайтыны ақиқат, ол әсіресе халықаралық қатынастардың жеке субъектісі – ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға қатысты айқын аңғарылады».

Бүкіл әлемдік процесс ретінде жаһандану тыныс-тіршілікті сақтап әрі қарай дамытылады, адамдардың қарым-қатынасын сақтай отыра ұлттық топтасуды қажет етеді. Жоғарыдағы пікірлерге сүйенетін болсақ, онда жаһандастыруды «әлемдік тұрғыдағы біркелкілендіру, біріктіру» деп қарауға болады. Яғни әртүрлі саяси құрылыстағы, әртүрлі ұлттардың бірігуі деп қарауға болады.

А. Нысанбаев айтады: Жаһанданудағы философия мәдениеттер арасындағы диалог, мәдениеттер кеністігіндегі диалог туралы Бүкіл әлемдік 16-шы философиялық конгресте айтылды, ел 10-17 тамызда 2003 жылы «философия бүкіл әлемдік мәселелерге бет бұрды деген девизбен Стамбулда өтті.

Бүкіл әлемдік мәселелерді шешуде философиялық маңыз бар. Ең негізгі мәселе мұнда, жаһандандырудың әсері жан-жақты концептуалдық және әдіснамалық қарым-қатынасқа әсері және де маңызды мәселелерді халықаралық қоғамдастың алдында тұрғанын шешуі.

Мұндай мәселелерге құндылықтың шиеленісуі, өркениеттің мәдени-ұлттың сәйкестігі, адам құқығы, демократия мәселесі, демократиялық сұрақтар, соғыс пен бейбітшілік, азаматтың қоғамының дамуы мәдениетаралық сұхбат, теңсіздік, қайыршылық, терроризммен күрес.

Қазіргі дәуір дүниежүзілік қауымдастықтағы барлық мемлекеттердің жаһандық өзара тәуелділігімен және дәстүрлі емес сынақтар мен қатерлердің пайда болуымен сипатталады. Жаһандану әлі зерттеліп болмаған жағымды нәтижелердің де, жағымсыз салдардың да туындануына себеп болуда. Оның аса қауіпті салдарының бірі – халықаралық лаңкесшілдіктің ақпараттық және өзге де қазіргі заманғы технологияларға қол жеткізу есебінен әлемдік дүние тәртібіне ықпал ету қабілетінің арта түскендігі. Анығын айтқанда, қазіргі кезде дүниежүзі халықаралық лаңкесшілдіктің құпия күштері осы заманғы өркениеттің негіздеріне қарсы ұйымдастырып отырған жаңа соғысты бастан кешуде. Бұл текетірестің принципті жағы тараптардың ешқайсысында айқын басымдықтың жоқтығы болып табылады. Халықаралық лаңкесшілдіктің жойқын күші үдеп бара жатқаны алаңдатпай қоймайды, жазықсыз адамдар ғана емес, тіпті, бірқатар мемлекеттердің саяси жүйесі де оның шылауына

айнала бастады. Бұл жаһандық зұлмат біздің еліміздің шекараларына жақын жерлерде өршіп бара жатқанын және оған қарсы тұру мақсатында бүкіл мемлекеттік жүйені жұмылдырудың қарымта шараларын қабылдау қажеттігін тағы да қайталауға тиіспіз.

Кейбір мемлекеттер мен трансұлттық топтар үшін нақ осы лаңкесшілдік өздерінің сыртқы саяси мақсаттарына жетудің негізгі дерлік құралына айналып бара жатқанын да ескерген ләзім. Сарапшылардың мәліметтеріне қарағанда, қазіргі кезде әлемнің 70 мемлекетінде мыңнан аса ұйым өз мақсаттарына жетудің құралы ретінде лаңкесшілдікті пайдаланады.

Мемлекеттік шекараны нығайту лаңкесшілдікке қарсы тұрудың ықпалды тетігі болып табылады. Біздің еліміз өзінің ұлттық мүдделеріне зиян келтірместен, көрші мемлекеттермен аумақтық дауларды болдырмауға қол жеткізуде.

Бүгінгі күні Қазақстанда лаңкесшілдікке қарсы тұру шаралары бірте-бірте мольгуда деуге болады. Әңгіме сыртқы саяси акциялар туралы да, сол сияқты мемлекеттің ішінде жүзеге асырылып жатқан шаралар жайында да болып отыр. Қазақстан басшылығының бұл мақсатты саясатын халықаралық қауымдастық жылы қабылдап, әділімен бағалайтыны қуанышты. Қазақстан елі өз елінің тыныштығының, бейбітшілігін сақтау үшін әртүрлі шаралар жасап келісімдер мен келіседі. Бұл келісімдер жаһандық мәселелердің алдындағы қиыншылық жағдайлардың алдын алу мақсатыменен істелініп отыр. Әдетте ол туралы айтқанда келесі негізгі құрылымдық элементтерді бөледі: әлемдік термоядролық соғыс қатері; «әлемдік ауылды» құрайтын «әлемдік қала» мен елдер тұратын елдердің экономикалық және мәдени даму деңгейінде өсіп отырған «қайшылық»; табиғи ресурстардың таусылуы; демография саласындағы апаттық ауытқулар (бір жағдайларда туудың көптігі, енді бір жағдайда популяцияның жойылуына дейін әкеп соғатын туудың төмендігі); адамды әрекетсіздік шегіне жеткізген табиғи ортаның ластануы; әркелкіліктің әсерінен мәдениеттің аймаққа бөлінуі және оның өсу қарқыны. Дегенмен соңғы мәселе талданып отырған жүйеге әрқашан да кіре бермейді, оның маңыздылығын жете бағаламау оған белгілі бір дәрежеде куә бола алады. Жаһандық мәселелерді жүйелі талдаудан денсаулық сақтаудың өткір мәселелері тыс қалып отыр (есірткі, алкогольизм, сары ауру мен СПИД-тің таралуы). Бүгінгі күн статистикасына жүгінсек бұндай элиминация өте түсінікті: бұл мәселелер термоядролық соғыспен, эколо-

гиялық дағдарыспен, т.б. салыстырғанда қауіп аз деп бағаланады. Бірақ ғаламдық мәселелерді олардың динамикалылығы арқылы қарастырсақ, онда бүгінде талдау барысында элиминацияланып отырған мәселелер ертең өзінің өзіндік да-

му себебінен ғана емес, бұдан да басымырақ маңызға ие басқа мәселелерді толығымен немесе жартылай шешуге сонымен қатар оның осы мәселелермен жанама байланысы себебінен алдыңғы қатарға шығуы мүмкін.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – С. 72-73.
- 2 Чумаков А.Н. Исторический процесс в категория «культура», «цивилизация», глобализация. – М.: Новый век, 2003. – С. 15-28.
- 3 Нысанбаев А.Н. Глобализация и транзитное общество // ANALITIK. – Аналитическое обозрение. – 2001. – № 5. – С. 3-4.
- 4 Канышев А.К. Понятие глобализацию современной зарубежной историографии // Казахстанско-Российское взаимодействие в XXI веке и вызовы глобализации: Матер. межд. научно-практ. конф. – Астана, 2004. – С. 117 – 118.
- 5 Хантингтон С. Столкновение цивилизации // Полис. – 1994. – № 1. – С. 30-31.
- 6 Нысанбаев А.Н. Глобализация и транзитное общество // ANALITIK. – Аналитическое обозрение. – 2001. – № 4. – С. 2 – 4.
- 7 Делягин М. Практика глобализации: игры и правила новой эпохи. – М., 2000. – С. 133-134.
- 8 Нысанбаев А.Н. Тағы да ғаламдастыру туралы // Қазак әдебиеті. – 2001. – № 45. – 3-4 бб.
- 9 Забирова А.К. Глобализация и локальные характеристики Казахского общества // Саясат-Полісу. – 2001. – №12. – С. 26.

#### References

- 1 Nazarbaev N.A. Kriticheskoe desjatiletie. – Almaty: Atamұra, 2003. – S. 72-73.
- 2 Chumakov A.N. Istoricheskij process v kategorija «kul'tura», «ci-vilizacija», globalizacija. – M.: Novyj vek, 2003. – S. 15-28.
- 3 Nysanbaev A.N. Globalizacija i tranzitnoe obshhestvo // ANALITIK. – Analiticheskoe obozrenie. – 2001. – № 5. – S. 3-4.
- 4 Kanyshiev A.K. Ponjatie globalizaciju sovremennoj zarubezhnoj istoriografii // Kazahstansko-Rossijskoe vzaimodejstvie v XXI veke i vyzovy globalizacii: Mater. mezhhd. nauchno-prakt. konf. – Astana, 2004. – S. 117 – 118.
- 5 Hantington S. Stolknovenie civilizacii // Polis. – 1994. – № 1. – S. 30-31.
- 6 Nysanbaev A.N. Globalizacija i tranzitnoe obshhestvo // ANALITIK. – Analiticheskoe obozrenie. – 2001. – № 4. – S. 2 – 4.
- 7 Deljagin M. Praktika globalizacii: igry i pravila novoj jepo-hi. – M., 2000. – S. 133-134.
- 8 Nysanbaev A.N. Тағы да ғаламдастыру туралы // Қазак әдебиеті. – 2001. – № 45. – 3-4 бб.
- 9 Zabirova A.K. Globalizacija i lokal'nye harakteristiki Kaza-hstanskogo obshhestva // Sajasat-Policu. – 2001. – № 12. – S. 26.